

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау жөніндегі операторларды айқындау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 қазандағы № 682 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 14 қазандағы № 759 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 14.10.2019 № 759 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағының 4-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау немесе мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс орындаушыларын таңдауды жүзеге асыру үшін мыналар:

1) "Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan Engineering) ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы – қару-жаракты, әскери және арнайы техниканы, техникалық құралдарды, оқ-дәрі мен әскери мақсаттағы тауарларды (өнімді) және қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімді) өндіруге және сынауға арналған жабдықты өндіру және беру;

2) "Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамы – мемлекеттің қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігі саласындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер, мемлекеттік тапсырыс берушілердің жарактандыруындағы қару-жарактың, әскери және арнайы техниканың, техникалық құралдардың, оқ-дәрі мен әскери мақсаттағы тауарларды (өнімді) және қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімді) өндіруге және сынауға арналған жабдықтың тәжірибелік үлгілерін әзірлеу, оларды жаңғырту жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар;

3) "Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan Engineering) ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы – қару-жаракты, әскери және арнайы техниканы, техникалық құралдарды, оқ-дәрі мен әскери мақсаттағы тауарларды (өнімді) және қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімді) өндіруге және сынауға арналған жабдықты жөндеу, жаңғырту және оларға регламенттелген техникалық қызмет көрсету;

4) Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш министрлігінің Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт)" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны – пайдаланылмайтын әскери мүлікті және

арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының пайдаланылмайтын мүлкін, сондай-ақ оларға жинақтауыштарды кәдеге жарату, құртып жіберу, көму арқылы жою, өңдеу, өткізу;

5) "Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan Engineering) ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы – Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілері және арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері үшін әскери және арнаулы киім нысанын, айырым белгілері мен жеке қорғану құралдарын өндіру бойынша операторлар болып айқындалсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев